



БҰЙРЫҚ № 246
«02» 09 2025 ж.

ПРИКАЗ № _____
«___» _____ 2025г.

«Мектеп асханасындағы тегін тамақтың ұйымдастырылуын және тағамдардың сапасына бақылау жасау үшін бракераж комиссиясын құру және журналын жазу туралы»

"Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы және «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №16 бұйрығын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылы бойынша мектеп асханасының ас блогтарында дайын тағамдар сапасына органолептикалық бақылау жүргізу, асхананың санитарлық жағдайын бақылау, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракераждық комиссия тобы құрылсын:

1. Н.Б. Медеуов - мектеп директоры, төрағасы

2. Ғ.Е. Анешова - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі

3. М.С. Тасқалиев - қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшесі

4. А. Байтөбетова - ата-ана комитеті, мүшесі

5. Г.Д. Досжанова – әлеуметтік педагог, мүшесі

6. Е.А. Төлегенов – әлеуметтік педагог, мүшесі

7. С. Жусупова - мектеп медбикесі, мүшесі

2. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша комиссияның құрамына төмендегі міндеттер түсіндірілсін:

- Ас блогындағы, асхана жұмысының ұйымдастырылуы;

- тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру,

сақтау шарттарын;

- өнімдерді өткізу мерзімдерін;

- тамақ дайындау сапасын;

- тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігі;

- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Е.Анешоваға, бракераждық журнал мен комиссия жұмысының хаттамасы мен құжаттарын жүргізу, жинақтау, әлеуметтік педагог Г.Д.Досжановаға міндеттеймін;

Мектеп директоры:



Н.Б.Медеуов